

Э.Ә. Өтебаева<sup>1</sup> , Г.С. Исаева<sup>1\*</sup> , М. Серікқызы<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [gulsinai\\_isa@mail.ru](mailto:gulsinai_isa@mail.ru)

## ЛИНГВОМӘДЕНИ ІШКОРПУСТЫ ӘЗІРЛЕУДЕГІ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМ

**Аннотация.** Мақалада электронды мәтіндер қоры 40 миллион сөзқолданыстан тұратын Қазақ тілінің ұлттық корпусының құрамында әзірленіп жатқан 9 ішкорпусы қысқаша сипатталып, лингвомәдени ішкорпустың мәдени-семантикалық белгіленімі жан-жақты талданды. Қазақ тілінің ұлттық корпусына лингвомәдени ішкорпусты енгізу тәжірибесі алғаш рет қолға алынып отыр.

Лингвомәдени ішкорпус қазақ этносының этномәдени даму жолын, рухани және заттық құндылықтарын, этнографиялық, мәдени-танымдық ұғымдарын тереңірек танудың бір құралы ғана емес, тілдік қазынаның елді тұтастырушылық қызметін сипаттайтын маңызды таным тетігі ретінде қарастырылды. Мәдени-семантикалық белгіленімінің негізгі мақсаты мәдени мағынасы жасырын тұрған тілдік бірліктердің астарындағы білімдерді анықтауға негізделеді. Сөздің лексикалық мағынасымен қатар этномаркерлі мәнділіктердің, этномәдени семантикасының, когнитивтік білімдер жүйесінің, сөз астарындағы прецедентті мазмұнды білімдердің берілуімен құнды.

Зерттеу барысында талдау, сипаттау, этнолингвистикалық, лексика-семантикалық әдістер қолданылды. Мақаланың *ғылыми маңыздылығы* қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамына лингвомәдени ішкорпусын енгізудің алғышарттары мен этномаркерлі тілдік бірліктерде жасырын тұрған мәдени кодтарды интерпретациялаудың үлгілерінің көрсетілуі болса, *практикалық маңыздылығы* қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы лингвомәдени ішкорпус қазақ тіліндегі белгілі бір этномәдени бірліктің лексика-семантикасын, мәдени-танымдық мағынасын білу үшін пайдалы құрал бола алады.

**Тірек сөздер:** ұлттық корпус, лингвомәдени ішкорпус, мәдени-семантикалық белгіленім, этномаркерлі бірлік.

\*Мақала BR11765619 «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеудің аясында жазылды.

Э.А. Утебаева<sup>1</sup>, Г.С. Исаева<sup>1\*</sup>, М. Серікқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан

\*e-mail: [gulsinai\\_isa@mail.ru](mailto:gulsinai_isa@mail.ru)

## КУЛЬТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ МЕТАРАЗМЕТКА В РАЗРАБОТКЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРНОГО ПОДКОРПУСА

**Аннотация.** В статье даны краткие описания 9 подкорпусов, разрабатываемым в составе Национального корпуса казахского языка с фондом электронных текстов в 40 миллионов словоупотреблении, а также подробно проанализирован культурно-семантическая разметка лингвокультурного подкорпуса. Впервые практикуется опыт внедрения лингвокультурного подкорпуса в национальный корпус казахского языка.

Лингвокультурный подкорпус является как один из инструментов более глубокого познания этнокультурного развития казахского этноса и его духовных и материальных ценностей, этнографических, культурно-когнитивных понятий, и как важнейший механизм познания, который характеризует объединение населения в функции языка. Основная цель культурно-семантической разметки заключается в выявлении народных знаний, в основе которых лежит культурное значение языковых единиц. Наряду с лексическим значением слова не менее важен этнокультурная семантика, системы когнитивных знаний, прецедентное содержательное знание, который находится в основе слова.

В ходе исследования данной проблемы были использованы аналитический, описательный, этнолингвистический и лексико-семантический методы. *Научная значимость* статьи – это отражение предпосылок введения лингвокультурного подкорпуса в состав национального корпуса казахского языка и моделей интерпретации культурных кодов, скрытых в этномаркерных языковых единицах.

*Практическая значимость.* Лингвокультурный подкорпус национального корпуса казахского языка будет полезным лингвистическим инструментом для получения лексико-семантики, когнитивного значения определенной этнокультурной единицы в казахском языке.

**Ключевые слова:** национальный корпус, лингвокультурный подкорпус, культурно-семантическая разметка, этномаркерная единица.

E.A. Utebayeva<sup>1</sup>, G.S. Isaeva<sup>1\*</sup>, M. Serikkyzy<sup>1</sup><sup>1</sup>A. Baitursynuly Institute of Linguistics Almaty, Kazakhstan\*e-mail: [gulsinai\\_isa@mail.ru](mailto:gulsinai_isa@mail.ru)**CULTURAL AND SEMANTIC MARKUP IN THE DEVELOPMENT OF THE LINGUOCULTURAL SUBCORPUS**

**Annotation.** The article provides brief descriptions of 9 subcorpuses being developed as part of the National Corpus of the Kazakh Language with a fund of electronic texts in 40 million word usage, and also analyzes in detail the cultural and semantic markup of the linguistic and cultural subcorpus. For the first time, the experience of introducing a linguocultural subcorpus into the national corpus of the Kazakh language is being practiced.

The linguistic and cultural subcorpus is one of the tools for deeper knowledge of the ethno-cultural development of the Kazakh ethnic group and its spiritual and material values, ethnographic, cultural and cognitive concepts, and as the most important mechanism of cognition that characterizes the unification of the population in the functions of language. The main purpose of cultural and semantic markup is to identify folk knowledge, which is based on the cultural significance of linguistic units. Along with the lexical meaning of the word, ethno-cultural semantics, systems of cognitive knowledge, precedent content knowledge, which is the basis of the word, are no less important.

Analytical, descriptive, ethnolinguistic and lexico-semantic methods were used in the study of this problem. The *scientific significance* of the article is a reflection of the prerequisites for the introduction of a linguocultural subcorpus into the national corpus of the Kazakh language and models of interpretation of cultural codes hidden in ethnomarker language units.

*Practical significance.* The linguocultural subcorpus of the national corpus of the Kazakh language will be a useful linguistic tool for obtaining lexico-semantics, cognitive meaning of a certain ethno-cultural unit in the Kazakh language.

**Keywords:** national corpus, linguistic and cultural subcorpus, cultural and semantic markup, ethnomarker unit.

**Кіріспе**

Қазіргі таңда заманауи ақпараттық технологиялар күннен-күнге дамып, барлық ғылым салаларына, оның ішінде тіл біліміне тың серпіліс әкелді. Компьютерлердің жетілуімен лингвистикалық зерттеулерде қолдануға болатын мәліметтер саны, сондай-ақ оларды талдау мүмкіндіктері едәуір өсті. Лингвистикалық зерттеулерде ақпараттық технологиялар қолданылатын негізгі бағыттардың бірі – корпустық лингвистика. Корпустық зерттеулер тиісті мәтіндік деректердің үлкен көлемін талдау негізінде тілді үйрену тәсілі болып табылады. Корпустық деректерді пайдалану белгілі бір мәселелер бойынша статистика алуға, салыстырмалы талдау жасауға және тілдік құбылыстарды кең ауқымда зерттеуге мүмкіндік береді.

Корпус – компьютерде жиналған және талданған үлкен мәтіндер жиынтығы. Корпустық деректер ұлттық және халықаралық корпустарда, сонымен қатар белгілі бір лингвистикалық зерттеу шеңберінде жиналған мәтіндерді қамтитын арнайы ішкорпустарда ұсынылады.

Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында тілтанымдық ІТ ресурс – «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» (әрі қарай ҚТҰК) әзірленіп, көпшілікке ұсынылды (Жұбанов, Жаңабекова, 2017). Қазақ тілінің ұлттық корпусында қазақ тілінің 40 миллион сөзқолданыстан тұратын электронды мәтіндер қоры жинақталған (<https://qazcorpus.kz/>). Ұлттық корпус кез келген тілші-оқырманның тілге қатысты алуан түрлі сұранысын өтеуге дайын. Қазіргі таңда интернет жүйесіне қосылып іздеу арқылы жұмыс жасайтын ҚТҰК бірнеше ішкорпустармен толықты. Олар:

- *Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы* – Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы жинақталған әрі кейбір ұғымдардың мәдени-семантикалық мағынасы берілген корпустық база.

- *Ауызша ішкорпус* – электрондық форматтағы ауызша сөздердің транскрибациясы жасалып, сөзжазбасы, сөйлеуші орфоэпиясы мен қалыптасқан орфоэпиялық норма жазбалары берілген корпустық база.

- *Диалектологиялық ішкорпус* – диалект сөздерді өңір бойынша іздеу жүйесі бар корпустық база. Жергілікті сөздің қай өлкеде, қандай мағынада қолданылатыны туралы ақпарат берілген.

- *Мақал-мәтел ішкорпусы* – «тірек» сөз арқылы мақал-мәтелдердің тізбегі берілген корпустық база. Мақал-мәтелдердің түсініктемесі (жасалу уәжі, тура және ауыспалы мағынасы) берілген.

- *Тарихи ішкорпус* – тарихи жазба ескерткіштердегі араб және латын графикасында жазылған мәтіндердің корпустық базасы. Мәтіндердің факсимилиясы, тарнскрипциясы, аудармасы берілген.

- *Параллель ішкорпус* – қазақ және орыс тіліндегі көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің теңестірілген аударма мәтіндер базасы. Ішкорпусқа алынған шығарманың екі тілдегі жалпы сөз саны, сөйлем саны, жиілігі сынды статистикалық ақпараттармен толыққан.

- *Ономастикалық ішкорпус* – қазақ тіліндегі топонимдердің (антропоним, ороним, гидроним, ойконим, некроним, фитоним) этимологиясы, семантикасы, географиялық орналасуы жөнінде ақпараттармен қамтылған корпусық база. Топонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктері қарастырылған әрі орфографиялық нормасы мен бейнормасы берілген.

- *Жарнама ішкорпусы* – қазақ қоғамындағы бизнес коммуникация негізінде өндірістік қатынастарды реттеуші жарнама мәтіндерінің базасы. Бұл ішкорпус қазіргі қоғамда таратылу орны мен әдісіне қарай *көше, көлік, сауда орындары, БАҚ, интернет* жарнамаларының түрлері бойынша жинақталған.

- *Лингвомәдени ішкорпус* – құрамында мәдени-танымдық ақпараты бар тілдік бірліктердің халықтық білімдер жүйесімен анықтауға негізделген корпусық база.

Жалпы алғанда, сөздің лексикалық мағынасымен қатар этномаркерлі мәнділіктерін, этномәдени семантикасын, когнитивтік білімдер жүйесін, прецедентті бірліктерді жүйелеп беру; мәдени-танымдық мағынасы жасырын тұрған тіркестердің астарындағы білімдерді анықтау; көркем шығармалардан жиналған лексикалық қабаттардың мәдени-семантикалық белгіленімін жасау және этномәдени бірліктердің иллюстрациялық (сурет, аудио, видеороликтер, гиперссылкалар) базасын құру, оларды мультимедиялық жасақтамамен қамтамасыз ету мәселелері ҚТҰК лингвомәдени ішкорпусының басты мақсаты болып табылады.

### **Материал және әдістер**

Мақалада лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудің алғашқы кезеңі бойынша зоонимдер, фитонимдер, космонимдер, эргонимдер, абстрактілі сандар, прецедентті есімдер, түр-түс символикасы, ұлттық қолөнер, зергерлік бұйымдар, дәстүрлі шаруашылыққа қатысты және кеңістік пен уақытқа, т.б. байланысты этномаркерлі атаулардың мәдени-семантикалық белгіленімі жасалынды. Прецедентті мәтіндер арқылы қалыптасқан тек мәдени мәнге ие атаулардың түрі мен типі алынды. Аталған ішкорпуста мәдени тілдік бірліктер қамтылып, олардағы жасырын тұрған кодқа салынған тілдік-мәдени ақпараттар интерпретацияланды. Қазақ тіліндегі ұлттың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениеті мен өзіне тән өмір сүру ерекшелігін танытатын бірліктердің тілдік және мәдени-семантикалық мағынасын ашу барысында материалды талдау, сипаттау және этнолингвистикалық, лексика-семантикалық әдістер қолданылды.

### **Әдебиетке шолу**

Лингвомәдени ішкорпустың ғылыми негіздемесіне Қазақ тілі корпусық лингвистикасының теориялық және практикалық проблемаласын талқылап, алғышарттарын көрсеткен (Жұбанов, 2009; Сулейменова, 2011; Жұбанов, Жаңабекова, 2017), ҚТҰК-ның алғашқы концепциясын ұсынған (Жубанов, Фазылжанова, 2014), қазақ мәтіндерін автоматтандыру, олардың метабелгіленімін қою мәселелерін зерттеген (Жаңабекова 2012; Жубанов 2015; Койбағаров, Мусабаев, Кулманов, 2012; Жаңабекова, Пирманова, 2019) ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың мәдени-семантикалық белгіленімін жасау барысында Әбдуәли Қайдар, Ербол Жанпейісов, Телғожа Жанұзақов, Нұргелді Уәли, Жамал Манкеева, Зәурег Ахметжанова, Рүстем Шойбеков, Қыздархан Рысберген және т.б. ғалымдардың этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық еңбектері арқау болды. Сондай-ақ, лингвомәдени ішкорпустың мәдени-семантикалық белгіленімін беруде профессор Нұргелді Уәлидің идеялық-ғылыми жетекшілігімен жарық көрген 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (Алматы, 2005-2011), үлкен бір томдық «Қазақ сөздігінде» (Алматы, 2013) сөздердің түсіндірмесі мен мәдени анықтамасын беру тәжірибесі басшылыққа алынды. Ұлттық тілдің сөз әлемін жүйелеп берген академик Ә.Қайдардың үш томдық этнолингвистикалық сөздігінің (Алматы, 2009-2013), бес томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» (Алматы, 2017) атты энциклопедияның тоғысатын жері де, осы – ұлттық корпус. Мәдени-семантикалық белгіленімнің жалпы сөзтізбесіне енген сөздерге берілген лұғаттық мақаланың құрылымы мен құрылысы, дерексөздерді талғап-таңдаудың жүйесі, олардың мағынасын түсіндіруде аталған еңбектер қолданылды.

## Нәтижелер және талқылау

Дәстүрлі кітаптан цифрлық сауаттылық деңгейге ауысқан кезде қазақ тілінің Ұлттық корпусы тілші-ғалымдарға лексика, грамматикамен қоса мәдени-семантикалық мағынаны да жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Корпус базасы кез келген оқырманға интернет жүйесінен этномәдени мәліметтердің жинақталған түрін бір жүйеден оңай тауып алуға мүмкіндік беретін үлкен кітапхана деуге болады. Кез келген этномәдени тілдік бірлікке қатысты танымдық әрі қызықты мәліметті қашықтықтан online режимінде оқуға, яғни үйде отырып білім алуға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусын құру барысында **мәдени-семантикалық белгіленімді** термин ретінде алғаш рет атап, оның теориялық негізін түсіндіріп берген Анар Фазылжанова болды. Ғалым мәтіндер базасын қалыптастырудың бастапқы кезеңінде ұлттық мәдени мәні, мазмұны бар мәтіндерге көбірек артықшылық беру керек екенін; этнотанбалған тілдік бірліктерде жасырын тұрған мәдени кодтарды ашу арқылы рухани қауіпсіздікті сақтауға және ұлттық мәдениет пен рухтың батыстануға, рухани құндылықты құнсыздандыруға қарсы иммунитет қалыптастыруға болатынын айтты (Фазылжанова, 2016: 105).

Мәдени-семантикалық белгіленімге *сөз табы* (зат.е., сан е., етістік.), *стильдік белгі* (этно., діни., көне (бұл сөздер кез келген сөйлеу жағдаятында талғаусыз жұмсала бермейді. Арнайы қойылатын стильдік белгілер арқылы нақты, жеткілікті дәрежеде функционалдық-коммуникативтік ақпарат алады), *мәдени белгі* (заттық және рухани), тақырыптық тобы қойылды және сөз мазмұнындағы ақпараттар түсіндірмеде айқындалып, энциклопедиялық, жалпы сипаттамалық ақпарат берілді әрі халықтық мәдениетпен, руханиятпен, өмір салты, әдеби, әдет-ғұрпымен байланысты жабық кодтағы ақпарат берілді, олардың біршамасы туралы бейнежазба әзірленді.

ҚТҰК-ның лингвомәдени ішкорпусын әзірлеу барысында институт ғалымдары Нүргелді Уәли, Анар Фазылжанова және Айман Жаңабековалардың нұсқаулығымен мәдени-семантикалық белгіленімнің берілу тәртібі анықталды. Қазақ халқының білімдер жүйесіндегі этномаркерлі атауларға жасалатын мәдени-семантикалық белгіленім негізгі 5 тармақтан тұрады:

1. **Сөз табы.** Лингвомәдени ішкорпусына алынған этмәдени атаулар ең алдымен сөз табы арқылы анықталады. Олар негізінен зат есім, сын есім, сан есім және етістік болады. Осы ішкорпустың интерфейсінде белгілі бір этномәдени атаудың алдымен сөз табы тұрады. Сөз таптары мынадай қысқартумен беріледі: зат., сын., сан. етіс.

2. **Мәдени белгі** – заттық және рухани мәдениет. Заттық мәдениет – мәдениеттегі жеке заттар, құбылыстар мен оқиғалар түріндегі таңбалар жиынтығы. Қолмен ұстап, көзбен көретін заттар ұлттық киім-кешек үлгілері, үй мүліктері, баспана түрлері, төрт түлікке қатысты бұйымдар, азық-түлік өнімдері, тұрмысқа қажетті құралдар т.б. жатады. Яғни Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «тірнек өнеріне адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің жасалып шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші қатысады яғни күн көру ісіне қажет шаруа керек-жарақтары» (Байтұрсынұлы, 2013: 150). Ал **рухани мәдениет** табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер яғни адамның жан қоштау керегінен шыққан қыз ұзату, келін түсіру, өлік жөнелту, оның артын күту, ит жүгіртіп, құс салу, күнтізбелік, бақсы-балгерлік, мифтік рәсімдермен байланысты қалыптасқан түрлі этномаркерлі тілдік бірліктер, символдық қимыл-қозғалыстар жатады.

3. **Стильдік белгі (помета):** ішкорпустың «Іздеу» жүйесінде лингвомәдени бірліктерді белгілі бір тақырыптық топ аясында іздейді және қолданылуы қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болып келетін сөздер арнайы белгілер арқылы көрсетіледі (зергерлік, діни, мал шаруашылық, миф, құқық, тамақ, киім, қолөнер т.б.). Себебі бұл сөздер кез келген сөйлеу жағдаятында талғаусыз жұмсала бермейді. Оқырман арнайы қойылатын стильдік белгілер арқылы нақты, жеткілікті дәрежеде функционалдық-коммуникативтік ақпарат алады.

4. **Тілдік (лексикалық) мағына** – энциклопедиялық, жалпы сипаттамалы ақпараттар жүйесі. Ашық кодтар мазмұны.

5. **Мәдени-семантикалық мағына** – халықтық мәдениетпен, руханиятпен, өмір салты, әдеби, әдет-ғұрпы, наным-сеніммен байланысты жабық кодтағы маңызды сипаттамасы. Прецедентті мәтіндер арқылы қалыптасқан тек жабық мәдени кодтан тұратын атауларға берілетін анықтама.

Дегенмен, мәдени семантиканың мағынасын анықтау әдістері корпус жетілдірілген сайын толығып, жаңаланып отыратынын ескертеміз. Лингвомәдени ішкорпуста қолданушы лингвомәдени

бірліктер мен этнографизмдерді белгілі бір тақырыптық топ аясында (адам атаулары, туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, ұлттық қолөнер, зергерлік атаулар, ыдыс-аяқ атаулары, ұлттық баспана атаулары, қару-жарақ атаулары, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық төсеніш атаулары, киелі сандар) іздей алады және тіркесімділік-семантикалық өрісі, мәдени-семантикалық мағынасы туралы ақпарат ала алады.

Сәукеле сөзінің ұлттық танымдық семантикасы:

*СӘУКЕЛЕ* баскиім, этн., заттық мәдениет. Дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киетін төбесі биік, асыл тастармен әшекейленген сәнді баскиімі. Сәукелені қалыңдық келіншек болғанға дейін, яғни бала сүйгенге дейін киіп жүрген, оның арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ бетжақтауы, алдында бетмоншағы және артқұлағы болады. Жұқа ақ киізден сырылып тігіліп, өнбойы қымбат күрең немесе шымқай қызыл барқытпен қапталып, жиегіне құндыз, кәмшәт терілерінен жұрын ұсталады, оқамен оюланып, түрлі-түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Сәукеле мұрагерлікке өтіп отырған. Қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналатындықтан, ол қайтыс болғаннан кейін сәукеле төркініне қайтарылаған. Қайтыс болған келіннің артында ұлы қалса, жасаудан еш нәрсе қайтарылмаған, қызы қалса, жасаудың жартысы қайтарылған. Дүниеден өткен қыздарының белгісі ретінде Сәукелені төркініне қайтару әдеті болған. Өйткені ол арнайы жасалған баскиім, үлкен қуаныш белгісі болғандықтан, төркін жұрты оны марқұм болған қызының көзіндей көріп жүретін ескерткіш ретінде сақтаған. Сонымен, бір ғана сәукеле сөзінен көріп отырғанымыздай, қаншалықты терең мән-мағына жатқанын байқауға болады.

Меруертпен шытырмалап, гауһар таспен безеген қызыл мауыты *сәукелесі*, аш белін қынаған алтын оқалы қызыл барқыт камзолының түсін ашқандай жарасып тұр (І.Есенберлин. Алмас қылыш). Басына алтын зерден кесте тігілген биік *сәукеле* киіпті (Ә.Кекілбаев. Үркер). Сөйтсем, әншейінде төбесінен батпандай басып тұратын ханымның ауыр *сәукелесі* көлденең көздің қарап отырғанын көргенде өз-өзінен құстың мамығындай боп жеңілейіп жүре береді екен (Ә.Кекілбаев. Аңыздың ақыры. 2016 ж. 64-б.).

*Сәукеле* сөзінің тіркесімділік өрісі:

*Мақпал сәукеле.* баскиім. Мақпал матадан тігілген қалыңдықтың бағалы баскиімі.

*Сәукеле байғазысы.* кәде. Сәукеле кигізу салтында күйеу жақтан келген құдалардан көрімдікке алатын сыйкәде.

*Сәукеле кигізу.* Қыздың алғаш рет сәукеле киюіне шашу шашып, байғазы берілетін, кәделермен, бата жасаумен ерекшеленетін салт. Қалыңдық болған қыздың үйіне құда-құдағилар шақырылып, қыз шешесі үкілі тақияның орнына сәукеле кигізеді. Қалыңдық сәукелені ұзату тойынан кейін, күйеуінің ауылына аттанарда киген. Сәукеле кигізілгеннен кейін қалыңдық болған қыздың енесі және басқа қонақтар көрімдік береді.

*Сәукеле көрімдік.* Қыз жеңгесі жанына ертіп шыққан қыздардың біреуінің басына сәукеле кигізіп, күйеуден *сәукеле көрімдік* алады. Той басталардан бір күн бұрын қыздың жеңгесі сәукелені киіп, барша сән-салтанатымен, ер-тоқымды жорғамен жүріп маңайдағы ауылдарды ұзату тойына шақырады.

*Сәукеле құны.* Сәукеле жасауға 5-тен 25-ке дейін жылқы құны жұмсалған. Дәулеті тасыған байлар 100, тіпті 500 жылқының құнына сәукеле жасатқаны туралы деректер кездеседі. Сондықтан да ол жасаудың қымбат бөлігі болып саналған.

*Үкілі сәукеле.* Төбесі үкінің қауырсындарымен әшекейленген сәукеле. Үкінің қауырсынын тіл-көзден, пәле-жаладан, жамандықтан сақтайды деп жас келіннің сәукелесі мен қыздардың баскиімдеріне қадайтын болған.

*ТАБАҚ* ыдыс. этн., заттық. Ағаштан, темірден, мыстан, қалайыдан т.б. заттардан жасалатын тамақ ішуге арналған өте шұңғыл емес, жайпақ, дөңгелек ыдыс. Табақтың көлеміне, қолданысына қарай *еттабақ*, *қонақтабақ*, *құдатабақ*, *аттабақ*, *жайтабақ*, *тайтабақ*, *бестабак*, *төртабақ*, *үштабақ*, *қостабак*, *балатабақ* т.б. түрлері бар. Қонақ күту дәстүрінде келген қонақтың жасына, әлеуметтік ерекшелігі мен мәртебесіне қарай тартылатын табакқа сыбағалы мүшелердің қамтылуына қарай *бастабак*, *ортатабақ*, *сыйтабақ*, *аяқтабақ* болып бөлінеді. Ағайын-туыс, жегжат-жұрағатқа, құрметті қонаққа берілетін сыбағалы тамақты *құдатабақ*, *құдағитабақ*, *құрдас*

*табақ, жеңге табақ, күйеутабақ, келін табақ, қостабақ, беташар табақ, құрдас табақ* деп арнайы мүшелер салынған.

*Балатабақ.* Ас-той, үлкен жиындарда балаларға тартылатын арнайы сыбағалы табақ. Балатабаққа асық жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл-жақ, қабырға салынады. Баланы бақытқа балайтын қазақ олардың рухани өсіп-жетілуіне де ерекше мән береді. Қонақ болып келген баланы қомсынбай қабылдап, балатабақ тартып ас, дәм сыйлайды.

*Бастабақ.* Үйге сыйлы қонақ, ауыл ақсақалы келгенде, не алыстан өте құрметті, қадірлі қонақ келгенде, не оларды арнайы қонаққа шақырғанда тартылатын сыбағалы, кәделі «төре» табақ ас. Малдың (қойдың) басына жамбас, жауырын, ортан жілігінен және қосымша бауыр, құйрық, белдеме, сүбе қабырға қоса тартылады. Бұған қосымша жал-жая, қазы-қарта және т.б. жеңсік сыбағалар қосылады. Тартылған бастың маңдай құйқасы ұзынынан және көлденеңінен айқас тілініп, танауын төрдегі сыйлы адамға қаратып қояды. Басты кескенде ықылас бата айтылған соң, қонақ үй иесінің ұйғаруымен пышақпен ұртынан, құйқасынан кесіп, өзінен кейінгі адамдарға, үй иесіне ұсынады. Бір немесе екі құлағын бірдей балаларға немесе қонақтың жас серігіне кесіп берген соң, басты үй иесіне қос қолдап ұсынады. Басты жамбас кесуші кеспейді. Бас кесетін адам етке бата берген адам, жамбас кесуші бас дастарқандағы екінші сыйлы адам саналады. Егер қой сойылмай жамбас жілігімен асылса, онда бата істеуші жамбас кеседі. Көзімді қысып қалдым. Үшеуі сасқанынан *бастабақ*, қорыққанынан *қосабақ*, бір өзіме *бестабақ* деп тартты (С.Сейфуллин, Таңдамалы шығармалары). – Бізден туған барымыз да, нарымыз да мына Күмісжан, – деді. Он алтысына дейін ер балаша киіндіріп, асау үйреттіріп, *бастабақтан* қалдырмап едім, одан бұл еркек болған жоқ, құдай бір жаман ұлды маған қиған жоқ (Е.Домбаев, Шығармалары).

*Беташар табақ.* Беташар атқарылғаннан кейін ет тарту сәтінде келінге бөлек тартылатын табақ. Беташар табаққа үлкендер жағы «ұл тап, тастай бат, судай сің» деп тілек тілеп, ырымдап, ұлтабар мен төстің басын салып береді. Келін бұл табаққа сәлем салып, тағамды қабылдайды. Халық ұғымында көк бауырды «жарыңмен ажырасасың» деп ырымдап, келінге бермеген. Қазақтың келін түсіру салтында, келіннің бетін ашқан жігітке арнап сыйлайтын асты да беташар табақ деп атаған. Беташар табаққа тіл, жақ, жүрек, бауыр, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабырға салып, үстіне таңдай қосады. Табақ үстіне әдемі кестелі қолжаулық жабады, болса күміс жүзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен отырып, теңгені, жүзікті, қолжаулықты бөлісіп алады да, бата жасайды. Әнші жігіт таңдайым тақылдасын деп, алдымен таңдайды алып жейді. Қалған етті даяшы нөкерлерімен бәрі бірігіп бөліседі. Дәстүрлі ортаның табаққа тіл, жақ, таңдай тартуы «шешен, әнші болыңдар, бұлбұлдай сайраңдар, тілдеріңнен бал тамсын, келіннің беті жарық, жолы ашық болсын», жүрек салғаны «жүрек таза, ниет ақ болсын», бауыр салғаны «бауырдай жақын болыңдар, сұмпайы тіл болмасын» деген тілекті ғұрыптық сөзбен білдіргені.

*Жайтабақ.* Ортан жілік пен тоқпан жілік, жауырын, қабырға, омыртқа салынған табақ.

*Келінтабақ.* Келіндерге арналған сыбаға табақ.

*Күйеутабақ.* Төс пен асықты жілік салынған күйеу жігіт пен күйеу жолдасқа тартылатын арнаулы табақ.

*Қостабақ.* Құдалық барысында құдаларға тартылған табақтардан бөлек, артынан арнайы кәде алу үшін тартылған қосымша табақ.

*Құдатабақ.* Жылқы, сиыр, қой еттерінен мүшелі еттерді топтап жілік, жамбас, омыртқа салынып, құдаларға ұсынылатын сыйтабақ.

*Құдағи табақ.* Құдағиға арнап тартылатын табақ.

*Ошақ табақ.* Ошақ басында жүріп, қол ұшын берген, көмектескен кісілерге тартылатын арнайы табақ.

*Сыбаға табақ.* Сыйлы кісілерге арналған ерекше жасалған табақ.

*Табақ тартар.* Күйеу жігітке төс салып ұсынылған табаққа сый беру кәдесі.

*Табақ тарту.* Сойған малдың мүшелерін жіліктеп келген қонақ пен жолы үлкен адамдарға кәделі сыбағасын тарату дәстүрі.

*Табақ төңкеру.* Ертеде босанатын әйелге көрсетілген емдік шараның бірі. Дәстүрлі халық емшілігінде аққол аналар іштегі бала теріс келген жағдайда толғағы қысқан әйелдің артына табақ лақтырып, «тар құрсағың табақша кеңісін!» деген магиялық мәндегі сөзді айтқан, әрі сол табақты әйелдің құрсағына қойып тұрып оңды-солды бұрап теріс келген баланы түзейтін болған. Аққол

ананың «оң ба, теріс пе?» дегеніне жанындағы көмекшілері «оң, оң» деп айтқан. Информаторлардың айтуынша, ел арасында кіндік шешеге берілетін сыйды «табағы» деп бір қой көлемінде сый берген (Энциклопедия, 5-том, 2017: 314)

*ТОҚАЛ* этн. туыстық. Ер адамның бәйбіше үстіне алған екінші немесе одан кейінгі әйелдері.

Ер адамның тоқал алуының бірнеше себептері болған. Біріншіден, ер адам тоқал алу арқылы дәулетін арттыра түсіп, шаруашылығын одан әрі жандандыруды көздесе, екіншісі алғашқы әйелінің, яғни бәйбішесінің шаруашылықты жүргізуге дәрменсіз, ауру, кемтар немесе бала сүймеуі сияқты себептерге байланысты болған. Кейде бұндай бала көтермеген бәйбіше күйеуіне тоқалдыққа сіңлісін немесе танысын өзінің ұсынысымен алып берген. Үшіншіден, ер адам бірінші әйелін бала күнінде көрмей-білмей әке-шешесі алып бергендіктен оған көңілі толмай, дәулеті арта түскен шағында ел аралап, өзі ұнатқан көрікті қызды айттырып тоқалдыққа алған. Кейде бұндай көрікті қыздан алған тоқал мен ер адамның жас айырмашылықтары айтарлықтай алшақ болған. Қазақы дәстүрде бәйбішеден кейінгі әйел сәукеле кимеген. Сәукеле – ер адамның бірінші әйелінің мәртебесін көрсететін нышаны (атрибутикасы). Кейінгі әйелдің тоқал атануы – тоқал ешкінің ауыспалы атауы. Әдетте тоқал ешкі деп мүйізсіз ешкіні айтқан. Бір ұл бар тоқалынан Барғана атты, Қоя ма қазақ тұспай ескі салтты? «Аға өлсе, жеңге мұра» деді-дағы, Қатын ғып Былқылдақпен бірге жатты (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Ой, тоқалда басың қалсын, тоқал, тоқал деп әлі құрығаныңды білмессің (Ж.Аймауытов, Шығармалары).

*Жеңге тоқал.* этн. Әмеңгерлік дәстүрі бойынша некелі әйелінің үстіне алған әйелі.

*Күң тоқал.* этн. Қалыңдықтың қызметшісі болып, оған ере келген басы байлы әйел.

*Олжа тоқал.* этн. Жаугершілік, шапқыншылық кезінде қолға түсіп, еркектің үлесіне тиген тұтқын қызды некелі әйелінің үстіне алса «олжа қатын» немесе «олжа тоқал» деп айтылады.

### **Қорытынды**

ҚТҰК лингвомәдени ішкорпусының алғашқы кезеңінде қазақ тіліндегі этнографизмдердің мәдени семантикасы, когнитивтік білімдер жүйесі, прецедентті бірліктері жүйеленіп, мәдени-семантикалық белгіленімі қойылды. Ал қазіргі таңда лингвомәдени ішкорпустың екінші кезеңі бойынша, көркем шығармалардан мәдени репрезентативті бірліктерді жинау, оларды лексикалық қабаттар (мәдени онимдер, этнографизмдер, көнерген сөздер, кірме сөздер, діни сөздер және варианттар) бойынша жүйелеп, мәдени-семантикалық белгіленімін жасау және этномәдени бірліктердің иллюстрациялық (сурет, аудио, видеороликтер, гиперссылкалар) базасын құру, оларды мультимедиялық жасақтамамен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Лингвомәдени ішкорпустың бұл екінші кезеңі туралы жан-жақты талданған ғылыми ізденістер келесі зерттеуімізде жалғасын таппақ.

Жалпы алғанда лингвомәдени ішкорпус арқылы қазақ этносының ұзақ этномәдени даму жолын, заттық және рухани құндылықтарын, этнографиялық, мәдени-танымдық ұғымдардың түп-тамырын неғұрлым тереңірек танудың бір құралы ретінде ғана емес, тілдік қазынаның елді тұтастырушылық қызметін сипаттайтын маңызды таным тетігі ретінде құндылығы анықталды. Ұлттың өзін-өзі жеке танып-білуіне, рухани дамуына бастайтын бұл ішкорпустың өнерді, мәдениетті, кәсіпті, табиғатты тануына және осылар арқылы қоғамымызда өтіп жатқан үдерістерді түсініп-пайымдауға үлкен үлес қосары сөзсіз.

Мәдени-семантикалық белгіленімдер қазақ тілін ана тілінде білетін және екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақстандық жастарға ұлттық коды бар қазақ сөздерінің мәдени-уәждемелік семантикасын игеруге ықпал етеді. Бұл келешекте қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін білетін рухани дүниесі бай тілдік тұлғаның қалыптасуына мұрындық болады.

### **Әдебиеттер**

Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А. (2017) Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі», 2017. – 336 б.

<https://qazcorpus.kz/>

Жұбанов А.Қ. (2009) Қазақ тілі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құрудың алғышарттары // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 175-179-бб.

Сулейменова Э.Д. (2017) Қазақ тілі үшін ұлттық корпус керек пе? // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, № 1 (131). – 76-79 с.

Жұбанов А., Жаңабекова А. (2017) Корпустық лингвистика. – Алматы, 2017. – 318 б.

Жубанов А.К., Фазылжанова А. (2014) О концепции по созданию национального корпуса казахского языка (НККЯ) // Материалы Международной научно-практической конференции «Контрастивные исследования и прикладная лингвистика». – Минск, 2014.

Жаңабекова А.Ә. (2012) Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері // Научно-практическая конференция «Языки меньшинств в компьютерных технологиях: опыт, задачи и перспективы». – Уфа, 2012. – Б. 42-50.

Жубанов А.К. (2015) Принципы автоматизации морфологической разметки текстов Национального корпуса казахского языка (НККЯ) // Материалы международной научно-практической конференции «Контрастивные исследования и прикладная лингвистика». – Минск: МГЛУ, 2015. – С. 111-119.

Койбагаров К.Ч., Мусабаев Р.Р., Кулманов С.К. (2012) Разработка алгоритмов автоматического анализа словоформ казахского языка // «Қазіргі қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистиканың өзекті мәселелері»: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Алматы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2012. – С.83-87.

Жанабекова А., Пирманова К. (2019) Технология программы полуавтоматической метаразметки казахского национального корпуса // Актуальные проблемы современной лингвистики и гуманитарных наук: сборник статей XI Всероссийской научно-методической конференции с международным участием. – М.: РУДН, 2019. – С. 465-474.

Фазылжанова А. (2016) Национальный корпус казахского языка как инновационно-информационная база государственного языка (об особенностях и задачах первого этапа разработки и создания). Alatau Academic studies журналы. 2016, №3. – 103-109 бб.

Байтұрсынұлы А. (2013) Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

Қайдар Ә. (2009) Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2017) Том 1-5. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017.

Уәли Н. (2015) Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2015. №3 – 40-52 бб.

#### References

Zhubanov A.K., Zhanabekova A. (2017) Korpustyq lingvistika. [Corpus Linguistics. – Almaty: Kazakh. – 336 p.] (in Kazakh)

<https://qazcorpus.kz/>

Zhubanov A.K. (2009) Qazaq tili matinder korpussyryn kompjuterlik bazasyn qurudyn algysharttary. [Prerequisites for creating a computer database of the corpus of Kazakh language texts // Literary language and the vitality of the Kazakh language. – Almaty: KIE Linguistics Innovation Center, 2009. – pp. 175-179.] (in Kazakh)

Sulejmenova E.D. Qazaq tili ushin ulttyq korpus kerek pe? [Do you need a national corpus for the Kazakh language? // Herald of KazNU. Philology Series, №1 (131). – 76-79 p.] (in Kazakh)

Zhubanov A., Zhanabekova A. (2017) Korpustyq lingvistika. [Corpus Linguistics. – Almaty, 2017. – 318 p.] (in Kazakh)

Zhubanov A.K., Fazylzhanova A. (2014) O koncepcii po sozdaniju nacional'nogo korpusa kazahskogo jazyka (NKKJA) [On the concept of creation of the national corpus of the Kazakh language (NKKYA) // Materials of the International scientific and practical conference «Contrast studies and applied linguistics». – Minsk, 2014.] (in Russian)

Zhanabekova A.A. (2012) Qazaq tili matinderine morfologijalyq belgilenim qojudyn gylimi-tazhiribelik negizderi [Scientific-practical basis of morphological notation of Kazakh language texts // Scientific and practical conference «Language minorities in computer technologies: experience, tasks and prospects». – Ufa, 2012. – p. 42-50.] (in Kazakh)

Zhubanov A.K. (2015) Principy avtomatizacii morfologicheskoy razmetki tekstov Nacional'nogo korpusa kazahskogo jazyka (NKKJa) [Principles of automatization of the morphological marking of texts of the National Corpus of the Kazakh language (NKKYA) // Materials of the international scientific and practical conference «Contrastivnye issledovaniya i applied linguistics. – Minsk: MGLU, 2015. – p. 111-119.] (in Russian)

Kojbagarov K.Ch., Musabaev R.R., Kulmanov S.K. (2012) Razrabotka algoritmov avtomaticheskogo analiza slovform kazahskogo jazyka [Development of algorithms for automatic analysis of the Kazakh language // «Modern Kazakh linguistics: actual problems of Applied Linguistics»: collection of materials of the international scientific and theoretical conference. – Almaty, A. Baitursynov Institute of Linguistics, 2012. – pp. 83-87.] (in Russian)

Zhanabekova A., Pirmanova K. (2019) Tehnologija programmy poluavtomaticheskoy metarazmetki kazahskogo nacional'nogo korpusa [Technology of the program of semi-automatic meta-marking of the Kazakh national corpus // Actual problems of modern linguistics and humanities: collection of articles of the XI All-Russian Scientific and Methodological Conference with international participation. – Moscow: RUDN, 2019. – pp. 465-474.] (in Russian)

Fazylzhanova A. (2016) Nacional'nyj korpus kazahskogo jazyka kak innovacionno-informacionnaja baza gosudarstvennogo jazyka (ob osobennostjah i zadachah pervogo jetapa razrabotki i sozdaniya). [The national corpus of the Kazakh language as an innovative information base of the state language (about the features and tasks of the first stage of development and creation). Alatau Academic studies journals. 2016, №3. – 103-109 p.] (in Russian)

Bajtursynuly A. (2013) Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. [Collection of works in six volumes. Vol. 1. – Almaty: El-shezhire, 2013, – 384 p.] (in Kazakh)

Qajdar A. (2009) Qazaqtar ana tili aleminde: etnolingvistikalıyq sozdik. [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. – Almaty: Dyke-Press, 2009. – 780 p.] (in Kazakh)



Qazaqtyn etnografijalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi (2017)[Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Volume 1-5. – Almaty: «The World. Development. Integration», 2017.] (in Kazakh)

Uali N. (2015) Ulttyq madeniettin madeni kodtaryn ashu maseleleri. [Problems of deciphering the cultural codes of national culture. Journal «Tiltanyim» of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov. 2015. №3, – pp. 40-52.] (in Kazakh)